



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

• 6B01701 - Қазақ тілі мен әдебиеті

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

Педагогикалық қызмет саласындағы әлеуметтік маңызды міндеттерді шығармашылықпен жоғары кәсіби деңгейде шешуге қабілетті, оқытудың инновациялық технологияларын жетік меңгерген, білімдік мониторинг негізінде ақпараттарды тауып, оларды таңдап сараптай алатын, оларды шығармашылықпен қолдана білетін кәсіби маман дайындау

КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ АЯСЫ

- білім беру;
- оқу-тәрбие;
- әлеуметтік-педагогикалық;
- басқаруды ұйымдастыру;

БІЛІМ БЕРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

- ОН - 1.** Қоғамдық пәндерден игерген білімдерін әлеуметтік және кәсіби міндеттерді шешуде қолданады./
- ОН - 2.** Тәрбие мен білім берудің жаңа философиясын түсінеді, педагогикалық қызметінде басшылыққа алады; Ғылыми зерттеуді ұйымдастырудың ұстанымдарын, ғылыми білімдерді құрастыру мен оған қол жеткізудің тәсілдерін түсінеді./
- ОН - 3.** Нарықтық экономика мен саяси үрдістердің тірек ұғымдары мен негізгі заңдылықтарын, кәсіпкерлік-инвестициялық қызметтің негіздерін меңгереді; /
- ОН - 4.** Инклюзивті білім беруде әр түрлі жастағы балаларды дамыту үшін диагностикалық әдістерді қолдана алады, педагогикалық-психологиялық ерекшеліктерді, салауатты өмір салтын меңгереді, оқытудың, тәрбиелеудің әртүрлі теорияларын біледі, субъективтілік, коммуникативтілік, ізгілік және толеранттылық, ұлттық құндылықты бойға сіңірудің әдістемелік тәсілдерін қолдана алады./
- ОН - 5.** Балалар іс-әрекетінің әртүрлі түрлерін ұйымдастырудың әдіс-тәсілдеріне ие, оқушылардың ғылыми-зерттеу және жобалық жұмыстарына, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен (SMART және STEM технологиялары) білім беру процесіне байланысты сабақтан тыс жұмыстарды, дене тәрбиесін ұйымдастырудың әдістерін қолданады./
- ОН - 6.** Сандық технологияның дамуымен байланысты көпфункциональды ақпараттар легімен жұмыс істейді, өзгерістерге тез бейімделеді, тіл үйренуге бейім, ынтымақтастық жағдайында топта жұмыс істейді және сыни ойлай алады./
- ОН – 7.** Этномәдени және конфессиялық айырмашылықтарды, қоғамның әлеуметтік-мәдени құрылымының ерекшеліктерін, ұлттық тәрбиенің заңдары мен қағидаларын ескере отырып, көп мәдениетті ортада кәсіби қызметті ұйымдастыру тәсілдеріне ие.
- ОН - 12.** Қазақ әдебиетінің тарихын, теориялық мәселелерін және даму бағыттары мен үрдістерін біледі және көркем шығарманы талдауда қолданады./
- ОН - 9.** Ақпараттар ағынында қажетті информацияны анықтап, іріктеп, өңдеп, жетілдіріп, сақтап жеткізудің әдістері мен тәсілдерін қолданады; сандық технологиямен жұмыс істейді, жаңа контент жасай алады.
- ОН - 10.** Тіл мен әдебиет салаларын оқытуда педагогикалық-психологиялық ерекшеліктерді меңгереді, кәсіби өсу жолында өзінің білім траекториясын құрастырады.
- ОН - 11.** Қазақ тілін оқытудың интерактивті әдіс-тәсілдерін, инновациялық технологияларын меңгереді, педагогикалық тәжірибеде орынды қолданады./
- ОН - 8.** Ойын жүйелі, сөз мәдениетінің талаптарына сай ауызша және жазбаша түрде тұжырымдап жеткізеді, сөз саптау тәсілдері (баяндау, сипаттау, пайымдау) мен сөйлесім әрекетін меңгереді және оларды танымдық әрекеттерді белсенді меңгеруде, өзін-өзі дамытуда білімін жетілдіруге орынды қолданады.